

## Тағзым

Жыл сайын ақпан айында баршамыз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухына бас иеміз. Биыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 27 жыл толып отыр.

## Ауғанстан-жүректегі жара

**А.МОЛДАХАН, 6505 әскери бөлімінің рота командирі**

Соғыста 18-19 жастағы өрімдей жас жігіттер жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Оларды еске алу, құрмет көрсету мақсатында орталық кітапханада 2-ш атқыштар батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік құқық жөніндегі орынбасары Нұржан Мұқашевтің бастамасымен, кітапхана директоры Ирина Калининаның қолдауымен Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылып, шараға батальон сарбаздары қатыстырылды.

«Ауғаныстан-жүректегі жара» атты кездесуге соғыс ардагерлері Олег Медянцев пен Игорь Черноусов келіп, сарбаздарға соғыс оқиғасының тарихын, қаншалықты қиында, өкінішті сәттерді басынан өткізгендерін тілге тиек етіп, қарулас достарын еске алды. Бір минөт үнсіздік жарияланды. «Әскери қызмет-абыройлы міндет», - деді Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы О.Медянцев. Сөзін әрі қарай жалғап, «қандай жағдай болмасын өз отаныңның патриоты болып қалуды мәңгі есте сақта, сарбаз!», - деді өз сөзін шегелеп айтқан ол. Сондай-ақ, ардагерлер «туған өлкеңнен артық ыстық та ұлағатты ештеңе жоқ» деген тұщымды ойларын жайып салды. «Бейбітшілік ортада туған жердің топырағына аунап, еліңнің туын көтеретін азамат болуды армандаудан артық не бар?» - деді өзіндік мәні мен маңызы бар әңгімелерін ортаға салып.

-«40 жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, сұрапыл соғыстан аман-есен оралды ағаларымыз. Ауған жерінде талай боздақ көз жұмып, талай ана жарынан, талай ата-ана бауыр еті балаларынан айырылды. «Ессіз оқ» ешкімді де аямайды екен. Бұл ағаларымыздың ерліктері әрқашан жастарға өнеге болмақ. Бізде өз отанымызды қиын сәтте қорғай білуге дайынбыз, - деді батальон командирінің орынбасары ардагерлерге алғысын білдіріп.